

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі**

Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2021 жылғы сәуір

Алматы, Қазақстан

2021 жылғы сәуірдегі Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

Мазмұны

Негізгі оқиғалар.....	4
1. Банк секторы	5
2. Банк конгломераттары.....	12
3. Сақтандыру секторы	16
4. Бағалы қағаздар нарығы	20
5. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор)	26
6. Микроқаржылық қызмет.....	28
7. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.....	30

Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы	5
2.1-кесте. Банк конгломераттарының құрылымы	12
2.2-кесте. Банк конгломераттары активтерінің қаржы секторлары бойынша шоғырлануы	12
2.3- кесте. Банк конгломераттарының меншікті капиталының құрылымы	14
2.4-кесте. Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы.....	15
3.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы	16
4.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы	22
4.2-кесте Бағалы қағаздар нарығының құрылымы	23
5.1-кесте Банктік емес сектор құрылымы	26

Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банктердің активтері	5
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер.....	5
1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы	6
1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері	6
1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер	7
1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттер, валюталар бойынша	7
1.7-сурет. Халықты кредиттеу	8
1.8-сурет. Халыққа тұтынушылық мақсаттарға және тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар	8
1.9-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер.....	8
1.10-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар	10
1.11-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы.....	11
1.12-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер	11
2.1-сурет. Банк конгломераттары көрсеткіштерінің серпіні.....	13
2.2-сурет. Банк конгломераттары активтерінің серпіндегі құрылымы	13
2.3-сурет. Банк конгломераттары міндеттемелерінің серпіндегі құрылымы	13
3.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері.....	16
3.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы	16
3.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы.....	17
3.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі	17
3.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні	18
3.6-сурет. Жасалған шарттар саны.....	18
3.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні, млрд тенге	18
3.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны	18
3.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері.....	19
3.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу	19

4.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру	20
4.2-сурет. Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі	20
4.3-сурет. Айналыстағы облигациялар	20
4.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі	20
4.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы	22
4.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі	22
3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері	23
3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы	23
4.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны	24
4.10 -сурет Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері, млрд теңге	25
4.11-сурет Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы	25
5.1-сурет. Банктік емес сектор активтерінің серпіні, млрд теңге	27
5.2-сурет. Банктік емес сектордың несие портфелінің серпіні	27
5.3-сурет. Банктік емес сектордың таза пайдасының серпіні	27
6.1-сурет. МҚҚЖҰ активтердің серпіні	28
6.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні	29
6.3-сурет. МҚҚЖҰ меншік капиталының серпіні	29
6.4-сурет. МҚЖАҰ несие портфелінің сапасы	29
6.5-сурет Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер	29
7.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны	30
7.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы	30

Кірістірмелер тізімі

1-кірістірме. Біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға байланысты жылжымайтын тұрғын үй нарығындағы және ипотекалық нарықтағы үрдістер	9
---	---

Негізгі оқиғалар

Сыртқы нарықтарда эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруына және әлемдік экономика үшін бірқатар негізгі елдерде экономикалық белсенділіктің артуына байланысты оң көңіл-күй басым, бұл сыртқы нарықтағы жай-күйдің жақсаруына әкеледі. Сонымен қатар инфляциялық процестердің жеделдеуіне байланысты алаңдаушылық күшейіп келеді, оның салдары жетекші орталық банктердің ақша-кредит саясатын қатаңдатуына әкелуі мүмкін. Инфляцияны жеделдету АҚШ долларына қысым жасайды және тауар нарықтарына қолдау көрсетеді, бұл теңге бағамына оң әсер етеді.

Сыртқы экономикалық жағдайлар жақсаруы және салыстырмалы түрде тұрақты эпидемиологиялық жағдай елдің экономикасын қалпына келтіруге ықпал етуін жалғастырады. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанның ЖІӨ қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша 2020 жылғы наурыздан бастап алғаш рет оң серпінді (+ 0,7%) көрсетті. Экономикалық өсудің негізгі драйвері нақты сектор болды, ол 7,9%-ға өсті (тау-кен өнеркәсібін қоспағанда).

Ұлттық Банктің ақпараты бойынша, Іскерлік белсенділік индексі екінші ай қатарынан 50 тармақтан жоғары деңгейде тұр. 2021 жылы сәуірде көрсеткіш 50,5-ті құрады (наурыз - 50,6).

2021 жылғы сәуірде инфляция 7% деңгейінде қалды. Бұл ретте, азық-түлік инфляциясы 10,7%-дан 9,8%-ға дейін баяулады, ал азық-түлікке жатпайтын инфляция өткен жылдың төменгі деңгейіне байланысты 5,6%-дан 6,4%-ға дейін жеделдеді.

2021 жылғы сәуірде бейрезиденттердің инвестицияларының қысқаруы және сыртқы нарықтардағы құбылмалылық жағдайында теңге бір АҚШ долларына шаққанда 429,02 теңгеге дейін 1%-ға төмендеді.

2021 жылы сәуірде тұтынушылар сұранысының өсуі жеделдей түсті. Бөлшек сауданың нақты көлемі 2021 жылғы қаңтар-сәуір айларында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2%-ға өсті. Сәуірдегі өсім 41,7%-ды құрады (ж/ж).

Инвестициялық белсенділіктің жақсаруы байқалады. Мәселен, негізгі капиталға салынған инвестициялардың жылдық көрсеткіште төмендеуі 2021 жылғы қаңтар-наурыздағы 9,6%-дан 2021 жылғы қаңтар-сәуірде 6,6%-ға дейін бәсеңдеді. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі сәуірде 3,0%-ды құрады (жылдық есеппен).

Банктердің кредиттік белсенділігі өсуін жалғастыруда. Мәселен, 2021 жылғы сәуірде жаңадан берілген кредиттер көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 5,4%-ға өсіп, 1 702,9 млрд теңгені құрады. 01.05.2021ж. жағдай бойынша банктердің кредит беруінің жалпы көлемі 2021 жылғы сәуірде 2,1%-ға өсіп, 15 102,1 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің жалпы көлемі 1,3%-ға 7 152,4 млрд теңгеге дейін, жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемі 2,8%-ға 7,949,7 млрд теңгеге дейін өсті.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасы орынбасарының 05.04.2021ж. № 121 бұйрығына сәйкес, бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру бойынша қызметтің қосымша түрін қоса отырып, «Bank RBK» Банкі» АҚ-қа 05.04.2021ж. № 1.2.100/245/41 лицензия берілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрағасы бірінші орынбасарының 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 134 бұйрығына сәйкес, шетел валютасында емделуге төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін енгізу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банк шоттарын ашу және жүргізу бойынша банк операциясының қосымша түрін қоса отырып, «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына лицензия берілді.

1. Банк секторы

01.05.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 25 екінші деңгейдегі банк бар, оның ішінде 15 банк шет елдің қатысуымен (банктердің жалпы санынан 60,0%), оның ішінде 12 еншілес банк.


1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.04.2021	01.05.2021
Барлық ЕДБ	27	26	25	25
Барлық ЕДБ филиалдары	301	293	283	281
Бейрезидент-банктердің ҚР-дағы барлық өкілдіктері	19	19	19	19
ЕДБ-нің шет елдегі барлық өкілдіктері	5	4	4	4


1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

01.05.2021ж. жағдай бойынша банк секторының активтері 32996,4 млрд теңгені немесе 2021ж. сәуірде 1,8% немесе 570,2 млрд теңгеге ұлғайып, ЖІӨ-ден¹ 42,4%-ды құрады (1.1-сурет).

1.1-сурет. Банктердің активтері



1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер





Банк секторы активтерінің құрылымында 2021 жылғы сәуірде «Банктік қарыздар» бабы бойынша 1,5%-ға (немесе 244,4 млрд теңгеге) және «Бағалы қағаздар портфелі» 2,1%-ға (немесе 164,6 млрд теңгеге) ең үлкен өсу байқалды.

Екінші деңгейдегі банктерде шамамен 12 015 млрд теңгені немесе активтердің 36,4%-ын құрайтын өтімділігі жоғары активтер қоры бар (1.2-сурет). ЕДБ-нің өтімділігі жоғары активтері көлемінің наурыз айымен салыстырғанда 1 873,9 млрд теңгеге төмендеуі осы көрсеткішті есептеу әдіснамасының өзгеруіне байланысты пайда болды (Ұлттық Банктегі мерзімі 7 күннен артық салымдарды алып тастау).

Банк секторының жиынтық міндеттемелері 2021 жылғы наурызда 2,5%-ға (706,8 млрд теңге) өсті және 29 080,8 млрд теңгені құрады. Міндеттемелердің ұлғаюы негізінен клиенттер депозиттерінің 1,6%-ға (немесе 360,5 млрд теңгеге) өсуіне байланысты болды (1.3-сурет).

¹ 2021 жылғы ЖІӨ ресми болжамына

1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы**1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері**

2021 жылғы сәуірде бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің мөлшері 1,4-ға төмендеп, 1 027,3 млрд теңге болды. 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша бейрезиденттер алдындағы міндеттемелердің үлесі банк секторының жиынтық міндеттемелерінің 3,5%-ын құрады.

Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы негізінен банктердің жиынтық міндеттемелерінің 79,7%-ын немесе 23 184,3 млрд теңгені құрайтын депозиттік портфельмен ұсынылған. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар және басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар сияқты өзге де міндеттемелердің үлесі тиісінше 5,3% және 2,1% болды.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша банк секторының жеткілікті капитал қоры бар (1.3-сурет). Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_1) – 20,2% (ең төменгі деңгейде – 7,5%, жүйе құраушы банктер үшін – 9,5%), меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_2) – 25,6% (ең төменгі деңгейде – 10%, жүйе құраушы банктер үшін – 12%), бұл жүйе бойынша орта есеппен заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір асады.

Ағымдағы жылғы 4 айдың қорытындысы бойынша банктердің таза пайдасы өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 52,7%-ға ұлғайып, 401,1 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды (2020 жылғы қаңтар-сәуірде – 262,7 млрд теңге).

Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 3,29% (01.05.2020ж. – 3,33%), капиталдың рентабельділігі (ROE) – 26,09% (01.05.2020ж. – 25,58%) болды (1.4-сурет).

1.2. Кредит нарығы²


2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша банктердің кредиттеуінің жиынтық көлемі 2021 жылғы сәуірде 2,1%-ға ұлғайып, 15 102,1 млрд теңге болды.

Заңды тұлғаларға кредиттердің жиынтық көлемі 2021 жылғы сәуірде 7 152,4 млрд теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды.


2021 жылғы сәуірде жеке тұлғалардың кредиттерінің көлемі 7 949,7 млрд теңгеге дейін 2,8%-ға ұлғайды (1.5-сурет).

² «Ақша-кредит және банк статистикасы» бөлімінің деректері бойынша ҚР Ұлттық Банкінің интернет-ресурсындағы «Кредит нарығы» шағын бөлімі (<https://nationalbank.kz/ru/loans/kredity-bankov>)

1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер, млрд теңге



1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттер, валюталар бойынша, млрд теңге



Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 2021 жылғы сәуірде 13 314,1 млрд теңгеге дейін 2,5%-ға ұлғайды (1.6-сурет). Жыл басынан бері теңгемен берілген кредиттердің 4,6%-ға өсуі байқалып отыр. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 2,2%-ға, жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2,8%-ға ұлғайды.

Шетел валютасымен берілген кредиттердің көлемі 1 788,0 теңгеге дейін 1,2%-ға төмендеді. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 1,2%-ға азайды, жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2,6%-ға төмендеді. 2021 жылдың басынан бері шетел валютасындағы кредиттер 5,7%-ға төмендегенін көрсетті. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 2021 жылғы сәуірдің соңында 88,2% (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%) болды.


Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі 2021 жылғы сәуірде 12 909,8 млрд теңгеге дейін 2,2%-ға ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 2 192,3 млрд теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды.

2021 жылғы сәуірде жаңадан берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы наурызбен салыстырғанда 5,4%-ға ұлғайып, 1 702,9 млрд теңге болды.


Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға кредиттерінің айтарлықтай сомасы өнеркәсіп (жалпы көлеміндегі үлесі – 13,3%), сауда (11,7%), құрылыс (4,0%) және көлік (3,2%) сияқты салаларға тиесілі.

Халыққа ипотекалық кредит беру көлемі 2021 жылғы сәуірде 2 453,5 млрд теңгеге дейін 3,6%-ға ұлғайды (1.7-сурет). Азаматтардың тұтынушылық мақсаттары үшін берілген кредиттер 2021 жылғы сәуірде 4 657,9 теңгеге дейін 2,2%-ға өсті (1.7-сурет).

1.7-сурет. Халықты кредиттеу, млрд теңге




1.8-сурет. Халыққа тұтынушылық мақсаттарға және тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген қарыздар, млрд теңге



2021 жылғы сәуірде банктер халыққа тұтынушылық мақсат үшін 530,9 млрд теңге кредит берді, бұл өткен айға қарағанда 3,4%-ға көп. Тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы сәуірде 158,7 млрд теңге болды (2021 жылғы наурызда – 137,7 млрд теңге).

2021 жылғы сәуірде банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,6% (2020 жылғы желтоқсанда – 11,4%), жеке тұлғалар – 17,3% (2020 жылғы желтоқсанда – 14,9%) болды (1.9-сурет).

1.9-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер, %



1-кірістірме. Біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға байланысты жылжымайтын тұрғын үй нарығындағы және ипотекалық нарықтағы үрдістер


Азаматтардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу бастамасын іске асырудың нәтижесінде тұрғын үй жағдайларын жеткіліктілік шегінен тыс жақсарту үшін жаңадан берілген ипотекалық қарыздар көлемінің өсуі және тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің артуы байқалады.

«БЖЗҚ» АҚ деректері бойынша, 30.04.2021 жылғы жағдай бойынша БЖЗҚ-дан алынған қаражаттың 1 210,0 млрд теңгесі немесе 99%-дан астамы тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл ретте 620,2 млрд теңгені немесе жалпы көлемнің 51,3%-ын ипотеканы пайдаланбай тұрғын үй сатып алуға, 250,5 млрд теңгені немесе 21%-ын ипотекалық қарыздар бойынша берешекті өтеуге, 193,9 млрд теңгені немесе 16%-ын зейнетақы жинақтарын қайта беруге жұмсау жоспарланып отыр (1-сурет).

1-сурет. Зейнетақы жинақтарын пайдалану мақсаттары, %




2-сурет. Банктердің ипотекалық портфелі, трлн теңге




Жеңілдетілген қарыздар мен субсидиялар беруді қамтитын «Нұрлы Жер» (2017 жылдан бастап), сондай-ақ «7-20-25» және «Баспана Хит» (2018 жылдан бастап) мемлекеттік бағдарламаларының іске қосылуына байланысты банктердің ипотекалық портфелінің тұрақты өсуі байқалады (2-сурет). 2019-2020 жылдары банктердің ипотекалық портфелінің өсу қарқыны 30%-дан астам деңгейде болды. 01.05.2021 жылғы жағдай бойынша ипотекалық портфель 2 453,5 млрд теңгені құрады, 2021 жылдың басынан бері 3,4%-ға аздап ұлғайды. Бұл алынған зейнетақы жинақтарының бір бөлігінің ипотека бойынша берешекті өтеуге бағытталғанына байланысты.

3-сурет. Қазақстандағы жаңа және ескі тұрғын үй бағасы



4-сурет. Өңірлер бойынша БЗТ алу (%)



Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында ипотекалық кредиттеу талаптарын жұмсарту, сондай-ақ біржолғы зейнетақы төлемдерін мерзімінен бұрын алу тұрғын үй жылжымайтын мүлкіне сұраныстың артуына, тиісінше, оның бағасының өсуіне алып келді.


Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2021 жылдың басынан бастап барлық аймақта жылжымайтын мүлік бағасының өсуі байқалды. 2021 жылдың басынан бері жаңа тұрғын үй бағасы 6,3%-ға, ескі тұрғын үй бағасы 14,7%-ға өсті (3-сурет). Жылжымайтын мүлік нарығындағы мәмілелердің саны 2021 жылғы қаңтар-сәуірде 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2,5 есе өсті және 175,0 мың мәміле болды.

Зейнетақы төлемдерін пайдалану жөніндегі бастама жүзеге асырыла бастағаннан бері ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру көлемі айтарлықтай өсті. 2021 жылғы қаңтар-сәуірде жаңадан берілген ипотекалық қарыздардың көлемі 2020 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 164,1%-ға ұлғайып, 473,4 млрд теңгені құрады. Бұл ретте жаңадан берілген ипотекалық қарыздардың жалпы сомасының 55%-ға жуығын «Отбасы Банк» ТҚЖБ» АҚ берді.

Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар³

2021 жылғы сәуірде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің кредиттік портфельдің жалпы көлеміндегі үлесі 7,1%-дан 7,6%-ға дейін (1 120,8 млрд теңгеден 1 213,8 млрд теңгеге дейін) ұлғайды, жеке тұлғалардың қарыздар портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 5,1%, заңды тұлғалардың портфелінде (ШОБ ескере отырып) – 10,1% болды (1.10-сурет).

1.10-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар



01.05.2021ж. жағдай бойынша банктердің несие портфелінің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 10,5% (1 675,9 млрд теңге) болды (1.10-сурет).

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 76,6% болды. Жеке тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерін провизиялармен өтеу 68,5%, заңды тұлғалар – 102,2%, ШОБ – 72,0% болды.


1.3. Депозит нарығы⁴

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 01.05.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы сәуірде 2,5%-ға ұлғайып, 23 969,5 млрд теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері өткен аймен салыстырғанда 12 265,9 млрд теңгеге дейін 3,1%-ға ұлғайды, жеке тұлғалардың депозиттері 11 703,6 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды (1.11-сурет).


³ ЕДБ-нің реттеушілік есептілігіне сәйкес

⁴ Ұлттық Банктің сайтында «Монетарлық статистика» бөлімінде берілген «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizacijah->)

1.11-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері, млрд теңге



1.12-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2021 жылғы сәуірде 2,3%-ға ұлғайды және 01.05.2021ж. жағдай бойынша 15 096,8 млрд теңге болды. Шетел валютасымен депозиттер до 8 872,7 млрд теңге дейін 2,9%-ға ұлғайды. Нәтижесінде долларландыру деңгейі 01.05.2021ж. 37,0% (01.05.2020ж. – 43,4%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2021 жылғы сәуірде 7 551,1 млрд теңгеге дейін 2,1%-ға ұлғайды, шетел валютасымен – 4 714,8 млрд теңгеге дейін 4,8%-ға ұлғайды, бұл заңды тұлғалар депозиттерінің 38,4%-ын құрайды. Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 7 545,6 млрд теңгеге дейін 2,6%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 4 158,0 млрд теңгеге дейін 0,8%-ға (жеке тұлғалардың депозиттерінен 35,5%) ұлғайды.

Мерзімді депозиттер көлемі 2021 жылғы сәуірде 3,9%-ға ұлғайып, 16 506,7 млрд теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 10 467,0 млрд теңге, шетел валютасымен – 6 039,7 млрд теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,2% (2020 жылғы желтоқсанда – 7,3%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 9,0% (2020 жылғы желтоқсанда – 9,2%) болды (1.12-сурет).

1.4. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2020 жылғы сәуірде екінші деңгейдегі банктерге қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 5 қадағалап ден қою шарасы, оның ішінде 1 - жазбаша ұйғарым, 4 - ұсынымдық сипаттағы шаралар қолданылды. Бұдан басқа, 1 әкімшілік өндіріп алу шарасы қолданылды.

Екінші деңгейдегі банктерге қатысты қадағалап ден қою шараларын қолдануға және әкімшілік жаза қолдануға әкелген негізгі бұзушылықтар заңды тұлғаларды қолма-қол ашаны алу және есептілікті Ұлттық Банкке ұсыну кезінде шектеулер сақтау рәсімдеріндегі кемшіліктер, банктің банк филиалдарының үй-жайларының санын азайту туралы шешімінен үзінді-жазбалар беру мерзімін бұзуы, банктің өзіне қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы жүктелген міндеттерді уақытылы орындамауы болып табылады.

1.5. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы сәуірде Агенттік екінші деңгейдегі банктердің 4 басшы қызметкеріне келісім берді, банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға банкке 1 лицензия қайта ресімделді және банктік және

өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға банкке 1 лицензия берілді.

2. Банк конгломераттары

2.1. Банк конгломераттарының құрылымы

01.01.2021ж. жағдай бойынша банк конгломераттарының құрылымын 79 қатысушысы бар 13 банк конгломераты ұсынады (2.1-кесте).

01.10.2020ж. көрсеткішпен салыстырғанда банк конгломераттарының саны «ForteBank» АҚ-ты банк конгломератынан шығаруға, сондай-ақ «AsiaCredit Bank (Азия Кредит Банк)» АҚ-ты конгломераттар құрылымынан шығаруға байланысты, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ-тың бағалы қағаздар нарығында⁵ банктік және өзге де операцияларды және қызметті жүргізуге арналған лицензиядан айыруға байланысты азайды. Бұл ретте банк конгломераты – «Фридом Финанс» АҚ қосылды.

2.1-кесте. Банк конгломераттарының құрылымы

	01.10.2020	01.01.2021
Банк конгломераттарының саны	14	13
Банк конгломераттарына қатысушылар саны, оның ішінде:	80	79
банктер саны, оның ішінде:	21	20
- резиденттер	13	13
- бейрезиденттер	8	7
сақтандыру ұйымдарының саны	7	7
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың саны	9	10
бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын ұйымдар саны	19	19
басқа да қаржылық емес ұйымдардың саны	24	23

2.2. Банк конгломераттарының көрсеткіштері⁶

Банк конгломераттарының активтері

Банк конгломераттарының активтері 2020 жылғы 4-тоқсанда 3,6%-ға немесе 834,7 млрд теңгеге ұлғайды және 23 704,9 млрд теңге болды (2.1-сурет). Банк конгломераттары активтерінің құрылымында ең көп үлес салмағы банк секторына тиесілі – 89,9% (2.2-кесте).

2.2-кесте. Банк конгломераттары активтерінің қаржы секторлары бойынша шоғырлануы

Банк секторы	Сақтандыру қызметтерінің секторы	Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет	Қаржылық емес сектор
89,9	2,6	1,2	6,3

Берілген қарыздар банк конгломераттарының негізгі активі болып табылады, олар 01.01.2021 ж. жағдай бойынша банк конгломераттарының жиынтық активтерінің 70,4%-ын (немесе 9 714,3 млрд теңгені) құрады (2.2-сурет).

⁵ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 11.02.2021ж. №22 қаулысы.

⁶ Қаржылық көрсеткіштерге банк конгломераттарының жоғарғы деңгейінің көрсеткіштері қосылған. Есеп айырысулар алдын ала деректерге негізделген.


Ең көп ұлғаю 546,5 млрд теңгеге немесе 19%-ға ұлғайып, 3 424,3 млрд теңгені құраған өзге активтер бойынша байқалады. Бұл көрсеткіштің едәуір ұлғаюы «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Банк конгломератында байқалады (500,8 млрд теңгеге).

Банк конгломераттарының бағалы қағаздар портфелі 2020 жылғы 4 тоқсанда 4,4% - ға (256,2 млрд теңге) ұлғайып, 6 049,3 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің едәуір ұлғаюы «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ (95,5 млрд теңгеге), «Банк ЦентрКредит» АҚ (72,9 млрд теңгеге) және «Фридом Қаржы» АҚ (79,0 млрд теңгеге) банк конгломераттарында байқалады.


01.01.2021ж. активтерінің мөлшері бойынша ең ірі банк конгломераттары «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ (10 405,3 млрд теңге), «First Heartland Securities» АҚ (3 253,6 млрд теңге) және «Kaspi.kz» АҚ (2 806,7 млрд теңге) болып табылады.

Үш аса ірі банк конгломератының активтері 01.01.2021 ж. жағдай бойынша 14 465,6 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық активтерінің 69,5% - ын құрайды.

2.1-сурет. Банк конгломераттары көрсеткіштерінің серпіні




2.2-сурет. Банк конгломераттары активтерінің серпіндегі құрылымы, млрд теңге



Банк конгломераттарының міндеттемелері

Банк конгломераттарының міндеттемелері 2020 жылғы 4-тоқсан ішінде 2,2% - ға немесе 430,7 млрд теңгеге ұлғайды және 01.01.2021ж. 20 146,8 млрд теңгені құрады (2.1-сурет).

2.3-сурет. Банк конгломераттары міндеттемелерінің серпіндегі құрылымы



Міндеттемелердің өсуіне клиенттер қаражатының 3,5%-ға (543,1 млрд теңге) ұлғаюы ықпал етті, олар 01.01.2021ж. 15 924,2 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінен 71,8%-ды құрайды (2.3-сурет). Бұл

көрсеткіштің айтарлықтай өсуі «First Heartland Securities» АҚ банк конгломератында (891,0 млрд теңгеге) байқалады.

Банк конгломераттарының шығарылған бағалы қағаздары 2020 жылғы 4 тоқсан ішінде 7,6%-ға (133,1 млрд теңге) азайып, 1 624,4 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің айтарлықтай азаюы «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ банк конгломератында (114,0 млрд теңгеге) байқалады.

01.01.2021ж. жағдай бойынша үш аса ірі банк конгломератының міндеттемелері 11 440,0 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің 71,8%-ын құрайды.

Банк конгломераттарының меншікті капиталы

Банк конгломераттарының меншікті капиталы 2020 жылғы 4 тоқсан ішінде 11,6%-ға (328,0 млрд теңге) өсті және 01.01.21 ж. 3 147,0 млрд теңгені құрады (2.3-кесте).

2.3-кесте. Банк конгломераттарының меншікті капиталының құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.10.2020		01.01.2021		Өсу, %
	млрд теңге	жиынына % -бен	млрд теңге	жиынына % -бен	
Жарғылық капитал	1 028,7	36,5%	998,6	31,7%	-2,9%
Бөлінбеген пайда	1 647,4	58,4%	1 979,2	62,9%	20,1%
Басқа капитал	142,8	5,1%	169,1	5,4%	18,4%
Меншікті капитал, жиыны	2 818,9	100,0%	3 147,0	100,0%	11,6%
<i>Анықтама үшін: Азының үлесі</i>	<i>335,1</i>		<i>411,1</i>		

2.3. Пруденциялық нормативтерді орындау

01.01.2021ж. пруденциялық нормативтерді сақтауға қойылатын талаптарды барлық банк конгломераттары орындайды. (2.4-кесте).

2.4-кесте. Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы

p/c №	Банк конгломератының атауы	Банк конгломератының жарғылық капиталы (мың теңгемен)	Банк конгломератының меншікті капиталы (мың теңгемен)	Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті ($K \geq 0,08$)	Банк конгломератым ерекше қатынастармен байланысты емес бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті ($K \leq 25\%$)	Банк конгломератым ерекше қатынастармен байланысты бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті ($K \leq 10\%$)	Әрқайсысының мөлшері банк конгломератының меншікті капиталының 10 (он) пайызынан асатын бір қарыз алушыға банк конгломераты қатысушыларының тәуекелдер сомасы ($K \leq 800\%$)	Бланкілік қарыздар бойынша банк конгломераты тәуекелінің ең жоғары мөлшері ** ($K \leq 10\%$)	Пруденциялық нормативтерді орындау (Иә / Жоқ)		
									Жарғылық капиталдың ең төмен мөлшері	меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшері
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	«АЛМЭКС» холдингтік тобы	74 970 000	1 608 266 657	0,25	0,12	0,02	0,22	0,02	иә	иә	иә
2	«Қазақстан Халық Банкі»	106 064 201	1 509 737 626	0,24	0,13	0,02	0,23	0,02	иә	иә	иә
3	«First Heartland Securities» АҚ	89 787 535	641 408 061	0,40	0,07	0,02	0,00	0,00	иә	иә	иә
4	«First Heartland Jysan Bank» АҚ	260 700 884	616 682 350	0,39	0,07	0,02	0,00	0,00	иә	иә	иә
5	Kaspi.kz АҚ	95 825 318	433 172 233	0,20	0,07	0,00	0,00	0,00	иә	иә	иә
6	Kaspi Group АҚ	100 700	311 071 066	0,14	0,09	0,00	0,00	0,00	иә	иә	иә
7	«Nova Лизинг» АҚ	8 848 928	258 782 028	0,22	0,20	0,05	0,38	0,00	иә	иә	иә
8	«Банк ЦентрКредит» АҚ	61 759 092	206 276 696	0,19	0,22	0,00	1,05	0,02	иә	иә	иә
9	«Еуразиялық қаржы компаниясы» АҚ	28 981 236	386 922 381	0,37	0,04	0,05	0,00	0,00	иә	иә	иә
10	«КСС Қаржы» АҚ	160 000 000	344 583 920	0,49	0,11	0,10	0,11	0,03	иә	иә	иә
11	«JP FINANCE GROUP» ЖШС	108 961 306	79 232 272	0,29	0,16	0,08	0,63	0,03	иә	иә	иә
12	«Фридом Қаржы» АҚ	25 879 475	42 012 129	0,78	0,21	0,10	0,21	0,00	иә	иә	иә
13	«КЗИ БАНК» АҚ ЕБ	15 000 000	32 777 716	0,33	0,22	0,08	0,99	0,06	иә	иә	иә

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы *

2021 жылғы сәуірдегі Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

3. Сақтандыру секторы

01.05.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 27 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 9 – өмірді сақтандыру бойынша (3.1-кесте).


3.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.04.2021	01.05.2021
Барлық сақтандыру ұйымдары	28	28	27	27
- жалпы сақтандыру бойынша	20	19	18	18
- өмірді сақтандыру бойынша	8	9	9	9
Сақтандыру брокерлері	13	12	12	12
Актуарийлер	57	58	57	57


3.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы сәуірде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 3,7%-ға ұлғайды және 01.05.2021ж. жағдай бойынша 1 676 млрд теңге немесе ІЖӨ-нен 2,37% болды (3.1-сурет). Ұлғаю сату үшін қолда бар және өтеуге дейін ұсталатын әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ қайта сақтандыру активтерінің өсуі есебінен қол жеткізілді.

3.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



3.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы



Активтер құрылымында ең көп үлеске (жиынтық активтердің 68,3%) бағалы қағаздар ие болды – 1 144 млрд теңге, олар 2021 жылғы сәуірде 1,2%-ға ұлғайды (3.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған салымдар 2021 жылғы сәуірде 5,3%-ға ұлғайып, 183 млрд теңге (жиынтық активтерден 10,9%) болды.

01.05.2021ж. жағдай бойынша қайта сақтандыру активтері 2021 жылғы сәуірде 19,3%-ға ұлғайып, 99 млрд теңге (жиынтық активтерден 5,9%) болды. Негізгі ұлғаю қайта сақтандыру активтері бойынша еңбек сіңірілмеген сыйақылар бойынша белгіленді, бұл жаңа қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты болды.


Сақтандыру дебиторлық берешек 2021 жылғы сәуірде 20%-ға ұлғайып, 79 млрд теңгені (жиынтық активтердің 4,7%-ы) құрады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2021 жылғы сәуірде


7,6%-ға ұлғайды және 01.05.2021ж. жағдай бойынша 988 млрд теңгені құрады. Міндеттемелердің артуы жаңа сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты сақтандыру резервтерінің ұлғаюы есебінен болды.

Міндеттемелер құрылымындағы ең үлкен үлес (жиынтық міндеттемелердің 81,4%-ы) 804 млрд теңге сомада сақтандыру резервтеріне тиесілі. 2021 жылғы сәуірде сақтандыру резервтері негізінен аннуитет және өмірді сақтандыру шарттары бойынша орын алмаған зияндар резервінің ұлғаюы есебінен 4,9%- ға ұлғайды (3.3-сурет).

3.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы



3.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 01.05.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы сәуірде 1,3%-ға азайып, 688 млрд теңгені құрады (3.3-сурет).

Сақтандыру секторының, негізінен, сақтандыру қызметінен түскен кірістер есебінен алынған таза пайдасы 2021 жылғы сәуірде 11,5 млрд теңгені құрады (3.4-сурет).

3.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдері


2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 268 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 52%-ға артық (3.9-сурет), ал тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 243,6 млрд теңгені (3.5-сурет) құрайды.

Міндетті сақтандыру бойынша 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, негізінен, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 7,5 млрд теңгеге немесе 24%-ға сақтандыру сыйлықақылары алымдарының ұлғаюы (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6 млрд теңгеге немесе 31,3%-ға ұлғаю) байқалады.


2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ерікті жеке сақтандыру бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының 49 млрд теңгеге немесе 87%-ға ұлғаюы байқалады, ұлғаю, негізінен өмірді сақтандыру сыныбы бойынша 48,5 млрд теңгеге немесе 87%-ға және зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша 10 есеге немесе 95,5 млрд теңгеге ұлғаюына негізделген.

Ерікті мүлдікті сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 35,7 млрд теңгеге немесе 39,7%-ға, негізінен мүлдікті сақтандыру және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру есебінен ұлғайды.

3.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




3.6-сурет. Жасалған шарттар саны




2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 3 207 178 шартты құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 20,7%-ға көп. Бұл өсу негізінен КҚИ АҚЖМС бойынша жасалған сақтандыру шарттары санының 19% - ға немесе 267 523-ке ұлғаюына және өмірді сақтандыру шарттарының 48%-ға немесе 210 956 шарттарға ұлғаюына негізделген.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 38,8 млрд теңге сомаға 222 750 төлем жүзеге асырылды, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 47,9%-ға аз (3.7, 3.8 және 3.9-суреттер).

3.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні, млрд теңге



3.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны




Міндетті сақтандыру бойынша 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың 2,7 млрд теңгеге немесе 23,9 %-ға, негізінен келесі сақтандыру сыныптары есебінен:

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бойынша;
- қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша ұлғаюы байқалады.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың 671 млн теңгеге немесе 4,7%-ға, негізінен келесі сақтандыру сыныптары есебінен зейнетақы аннуитеті шарттары, аннуитет және жазатайым жағдайлардан сақтандыру шарттары бойынша ұлғаю байқалады.

Ерікті мүлтік сақтандыру бойынша 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстардың 39 млрд теңгеге немесе 80%-ға азайғаны байқалады, бұл өзге қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша 2020 жылы сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша ірі шығыстың болуына байланысты.

3.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



3.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу



3.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 63,6 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 24%-ын құрады (3.10-сурет). Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі - 94% немесе 60 млрд теңге Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға, оның ішінде негізгі көлемі – Ұлыбританияның Біріккен Корольдігіне берілді.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 268 млрд теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 25 млрд теңгені құрайды.

Қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2 млрд теңгені немесе осы кезеңде жиынтық сақтандыру төлемдерінің 5,1%-ын құрады.

3.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары және санкциялар

2021 жылғы сәуірде сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты сақтандыру ұйымдарына қатысты ұсынымдар түрінде қадағалап ден қою шарасы қолданылды.

3.5. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы сәуірде Агенттік сақтандыру ұйымдарының басшы қызметкерлерін сайлауға (тағайындауға) 5 келісім берді және 1-уінен бас тартылды.


4. Бағалы қағаздар нарығы

4.1. Акциялар нарығы


01.05.2021 ж. жағдай бойынша акциялар нарығын капиталдандыру ағымдағы жылғы сәуірде 0,5%-ға немесе 98,9 млрд теңгеге ұлғайып, 21,5 трлн теңгені құрады (4.1-сурет).

Ағымдағы жылғы сәуірде акциялармен сауда-саттық көлемі 43,6%-ға немесе ағымдағы жылғы наурыздағы акциялармен сауда-саттық көлеміне қатысты 5,5 млрд теңгеге азайып, 7,1 млрд теңгені құрады (4.2-сурет).

4.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



4.2-сурет. Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі



01.05.2021ж. жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE) сауда тізімдерінде 121 эмитенттің 137 акциясы болды, олардың 4 шығарылымы секторда айналысқа жіберілген листингтік емес бағалы қағаздар.


Есепті кезеңде KASE ресми тізімінен «Иртыш-Полиметалл» АҚ-тың, «ҚАЗАҚАЛТЫН» тау-металлургия концерні» АҚ-тың және «АЗИЯ АВТО» АҚ-тың акциялары олардың эмитенттерінің бастамасы бойынша алып тасталды.

Ағымдағы жылғы сәуірде KASE индексі 4,2%-ға 3 242,81 тармаққа дейін өсті. Баға белгілеулердің ең көп өсуі «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың (+14,1%), «Қазақтелеком» АҚ-тың (+10,9%) және «Кселл» АҚ-тың (+6%) акциялары бойынша болды.


4.2. Облигациялар нарығы

KASE-те саудаланатын корпоративтік қарыз көлемі ағымдағы жылғы сәуірде 0,5%-ға немесе 69,8 млрд теңгеге ұлғайып, 14,6 трлн теңгені құрады (4.3-сурет).

4.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



4.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.05.2021ж. KASE сауда-саттық тізімінде 67 эмитенттің шығарған 269 корпоративтік облигациялары болды. Ағымдағы жылғы сәуір айында KASE ресми тізімінен облигацияларды 4 шығарылымы: «First Heartland Jysan Bank» АҚ-тың 3 шығарылымы айналыс мерзімінің өтуіне байланысты, «AgroFinance» ЖШС-ның 1 шығарылымы айналым мерзімінің өтуіне байланысты шығарылды.

KASE-те корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 57,9%-ға немесе 104,1 млрд теңгеге азайды және бастапқы нарықта сауда-саттық көлемінің төмендеуі есебінен 75,8 млрд теңгені құрады (4.4-сурет).

Ағымдағы жылғы сәуірде жалпы сомасы 34,2 млрд теңгеге облигациялардың 6 шығарылымы орналастырылды, оның 45%-ы квазимемлекеттік сектор компанияларына тиесілі

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлігінде ЕДБ-нің үлесі 29,3%-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 1,4%-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 23%-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 34,9%-ды, жеке тұлғалардың үлесі – 11,5%-ды құрады.

4.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы


KASE-де сатылатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 01.05.2021 жылғы көрсеткішке қатысты 0,6%-ға немесе 100,2 млрд теңгеге төмендеп, 17,8 трлн теңгені құрады (4.5-сурет).

Ағымдағы жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша KASE-те мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі бір айда 6,3% немесе 17,8 млрд теңгеге төмендеп, 265,6 млрд теңгені құрады (4.6-сурет).


Ағымдағы жылғы сәуірде мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін және жергілікті атқарушы органдарының облигацияларын орналастыру есебінен 106,1 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығында екінші деңгейдегі банктердің үлесіне 81,2%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 2%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 6% тиесілі болды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 10,5%-ды, жеке тұлғалардың үлесі 0,3%-ды құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 0,5%-ға бағаланады.

4.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



4.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен саудасаттық көлемі



4.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.05.2021ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 35 инвестициялық пай қоры жұмыс істеді, оның ішінде 20 аралық, 14 жабық және 1 ашық. 2021 жылғы сәуірде инвестициялық қорлардың саны өзгерген жоқ (4.1-кесте).

4.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы

	01.01.20	01.01.21	01.04.21	01.05.21
Инвестициялық қорлар	58	55	55	55
Пай қорлары, оның ішінде	39	35	35	35
ИАПҚ, АИПҚ	24	21	21	21
ТИЖИПҚ	15	14	14	14
Акционерлік қорлар, оның ішінде	19	20	20	20
Тәуекелді	8	8	8	8


Ұжымдық инвестициялар нарығында басқарудағы активтердің жиынтық көлемі 2021 жылғы сәуірдің соңында 320,6 млрд теңгені құрады және өткен аймен салыстырғанда 34,4 млрд теңгеге немесе 12%-ға ұлғайды. Бұл ұлғаю, ең алдымен, инвестициялық пай қорлардың орналастыру арқылы инвесторлардың тартылған активтері есебінен болды (4.7-сурет).

2021 жылғы сәуірдің соңында инвестициялық пай қорларының негізгі активі ЕДБ-дегі ағымдағы шоттарда тұрған ақша қаражаты болып табылады (232 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 72%-ы). Бұл ақша қаражаты негізінен шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздарды сату есебінен алынады.


Инвестициялық пай қорлары бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2021 жылғы сәуір айының соңында 85 млрд. теңгені немесе жиынтық активтердің 27%-ын құрады, бұл ретте портфельдің 98%-ы шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардан тұрады.

Сонымен, 01.05.2021ж. жағдай бойынша пайлық инвестициялық қорлар портфеліндегі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары 50,8 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 16%-ын, ҚР бейрезидент-эмитенттерінің бағалы қағаздары - 13,2 млрд теңгені немесе негізінен «Банк ЦентрКредит» АҚ еурооблигацияларымен ұсынылған жиынтық активтердің 4%-ын (3.8-сурет) құрады. Сондай-ақ активтердің құрамында 13,5 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 4%-ы мөлшерінде шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары бар (4.8-сурет).

3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



Ұлттық валюта бағамының құбылмалылығына, сондай-ақ инвесторлар тарапынан валюталық депозиттер бойынша төмен мөлшерлемелерге байланысты инвестициялық стратегиясы валюталық активтерді сатып алуды көздейтін инвестициялық қорлардың пайларына сұраныс сақталады.

Сонымен, 01.05.2021ж. жағдай бойынша пайларды ұстаушылардың саны 2 114 жеке тұлғаны және 52 заңды тұлғаны құрады, олардың 55%-ын валюталық инвестициялық қорлардың пайларын ұстаушылар құрайды. Өткен аймен салыстырғанда пай ұстаушылар саны 293-ке (+287 жеке тұлға және +6 заңды тұлға) артты.

4.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.05.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын брокер және (немесе) дилер (17 банк және 20 банктік емес ұйым), 10 кастодиан банк, 19 инвестициялық портфельді басқарушы, 2 трансфер-агент, сондай-ақ бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын 2 инфрақұрылымдық ұйым: «Қазақстан қор биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ұсынды (3.2-кесте).

Бұдан басқа, «Қазақстан қор биржасы» АҚ базасында орталық контрагент жұмыс істейді.

01.04.2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың саны «Банк «Bank RBK» АҚ-қа кастодиандық қызметті жүргізуге арналған лицензия берілуіне байланысты бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар саны 71-ге дейін көбейді.


4.2-кесте Бағалы қағаздар нарығының құрылымы

	01.01.20	01.01.21	01.04.21	01.05.21
Барлығы брокер-дилерлер, оның ішінде:	39	38	37	37
банктер	19	18	17	17
оның ішінде I санат	15	15	14	14
банктік емес ұйымдар	20	20	20	20
оның ішінде I санат	20	20	20	20
Кастодиандар	9	9	9	10
Инвестициялық портфельді басқарушылар	20	19	19	19
Трансфер-агенттер	2	2	2	2
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1

БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет	1	1	1	1
Бағалы қағаздар орталық депозитарийі	1	1	1	1
Жиынтығы	73	71	70	71

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттер клиенттерінің 166 296 қосалқы шоттары ашылды (3.9-сурет), оның ішінде 152 569 (91,7%) қосалқы шот т депонент: «Фридом Финанс» АҚ, «Halyk Finance» ҚХБ ЕҰ» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «CAIFC INVESTMENT GROUP» АҚ клиенттеріне тиесілі. 2021 жылғы сәуірде қосалқы шоттардың саны негізінен «Halyk Finance» ҚХБ ЕҰ» АҚ клиенттік базасының ұлғаюы есебінен 12 287 (8,0%) артты.

4.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны




4.6. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері⁷


01.05.2021ж. брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 01.04.2021 ж. көрсеткішпен салыстырғанда 2,9%-ға азайып, 413,7 млрд теңгені (4.10-сурет) құрады. 01.05.2021 ж. жағдай бойынша брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымында негізгі үлесті 276,8 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 66,9%-ы мөлшерінде бағалы қағаздар алады (4.11-сурет). 01.04.2021 жылмен салыстырғанда кәсіби қатысушылардың бірінің портфельден бағалы қағаздарды сатуы нәтижесінде бағалы қағаздар портфелі 12,7 млрд теңгеге немесе 4,4% -ға азайды.

⁷ ЕДБ қоспағанда, қаржылық көрсеткіштер туралы ақпарат

4.10 -сурет Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері, млрд теңге



4.11-сурет Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы



Міндеттемелердің жиынтық көлемі бағалы қағаздар нарығының жекелеген кәсіби қатысушыларының «РЕПО» операцияларын жабуы нәтижесінде өткен аймен салыстырғанда 6,2% - ға азайып, 115,8 млрд теңгені құрады (4.10-сурет).

Брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы бір айда 1,6% - ға азайып, 297,9 млрд теңгені құрады (4.10-сурет).

4.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы сәуірде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 1 қадағалау ден қою шарасы (1 жазбаша нұсқама) қолданылды.

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты қадағалау ден қою шараларын қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті реттейтін заңнама талаптарының пруденциялық нормативтерді сақтамау болып табылды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 2021 жылғы сәуірде 11 шектеулі ықпал ету шаралары (10 жазбаша ескерту және 1 жазбаша ұйғарым) қолданылды, бір эмитентке қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын және санкциялар қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар өз қызметі туралы ақпаратты ашуды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау болып табылды.

4.8. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы сәуірде Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың 2 басшы қызметкерін келісті.

5. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор)

01.04.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторының құрылымы 2 ипотекалық ұйым мен 4 банктік емес ұйым болып табылады. (5.1-кесте).

5.1-кесте Банктік емес сектор құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.04.2021
Ипотекалық ұйымдар	3	2	2
Банктік емес ұйымдар, оның ішінде:	4	4	4
Жалғыз акционері агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар	3	3	3
Ұлттық пошта операторы	1	1	1

5.1. Банктік емес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы төртінші тоқсанның қорытындылары бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері 2020 жылғы төртінші тоқсанмен салыстырғанда 9,6%-ға ұлғайып, 1 351,7 млрд теңгені құрады (2020 жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда активтер 14,3%-ға ұлғайды).

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 52,0% (702,7 млрд. теңге), қаржылық жалдау – 20,0% (270,2 млрд теңге) және ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары – 11,3% (152,8 млрд теңге) алады.


Ипотекалық ұйымдардың активтері 2020 жылғы төртінші тоқсанмен салыстырғанда 0,4% ұлғайып, 1 366,9 млрд теңгені құрады (2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда ипотекалық ұйымдардың активтері 4,9 есе өсті, бұл «Бәйтерек Девелопмент» АҚ-тың (бұдан әрі – БД АҚ) «Қазақстандық Ипотекалық Компания» Ипотекалық ұйымы» АҚ-қа (ҚИК ИҰ АҚ) қосылуы арқылы ҚИК ИҰ АҚ-тың қайта құрылуымен байланысты.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымында клиенттерге берілген қарыздар – 25,8% (353,2 млрд теңге), бағалы қағаздар – 58,1% (794,4 млрд теңге) айтарлықтай үлес алады.

Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелері 15,0%-ға 939,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері 0,4%-ға төмендеп, 1 155,3 млрд теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 2020 жылдың төртінші тоқсанымен салыстырғанда 1,1%-ға азайды және 412,0 млрд теңгені құрады, ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 4,5%-ға ұлғайып, 211,6 млрд теңгені құрады.

5.1-сурет. Банктік емес сектор активтерінің серпіні, млрд теңге



5.2-сурет. Банктік емес сектордың несие портфелінің серпіні, млрд теңге



4.2. Несие портфелі

01.01.2021ж. жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфелі (қаржылық жалдауды ескере отырып) 1 092,9 млрд теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлес салмағы 16,0%-ды (немесе 174,9 млрд теңгені) құрады. Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар есепті күнге 100,9 млрд теңгені немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несие портфелінің 9,2%-ын құрады.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 353,2 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың төртінші тоқсанында қалыптасқан көрсеткіштен 16,6%-ға артық.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлес салмағы 9,2% (немесе 32,5 млрд теңгені) құрады. Мерзімі 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар есепті күнге 8,8 млрд теңгені немесе несие портфелінің 2,5%-ын құрады.

4.3. Қаржылық нәтижелер

01.04.2021ж. жағдай бойынша банктік емес ұйымдар 6,2 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды. Ипотекалық ұйымдар 9,9 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды (5.3-сурет).

5.3-сурет. Банктік емес сектордың таза пайдасының серпіні



6. Микроқаржылық қызмет

6.1. МҚҚЖҰ қаржы көрсеткіштері

Активтер, міндеттемелер, капитал⁸


01.04.2021ж. жағдай бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі –МҚҚЖҰ) активтері 1 300 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басы үшін – 1 226 млрд теңге), 2021 жылдың басынан 6,0%-ға ұлғайды. МҚҚЖҰ активтері банктік сектордың жиынтық активтерінің 4,0% құрады.

МҚҚЖҰ құрылымындағы ең көп үлесті микроқаржылық ұйымдар – 574 млрд теңге немесе 44,2%, кредиттік серіктестіктер 542 млрд теңге немесе 41,7%, ломбардтар – 184 млрд теңге немесе 14,1%-ды алады.

01.04.21ж. жағдай бойынша микроқаржы секторының жиынтық активтеріндегі анағұрлым көп үлесті 1 105 млрд теңге сомасында берілген микрокредиттер (құнсыздануға резервтерді шегергенде) алады - 85,0%, 2021 жылдың басынан – 6,4%-ға ұлғайды.

Микроқаржылық ұйымдар және кредиттік серіктестіктер ұсынған қарыздар (микрокредиттер), (құнсыздануға резервтерді шегергенде) сәйкесінше 80,8% және 94,3%-ды құрады. Бұл ретте ломбардтар және онлайн кредиторлар активтеріндегі несие портфелі құнсыздануға резервтерді шегергенде сәйкесінше 70,7% және 78,7%-ды құрайды.

6.1-сурет. МҚҚЖҰ активтердің серпіні



01.04.2021ж. жағдай бойынша МҚҚЖҰ жиынтық міндеттемелері жылдың басынан 6,8%-ға ұлғайып, 815 млрд теңгені құрады (6.3-сурет).


Жиынтық міндеттемелердің негізгі үлесін алынған қарыздар құрайды - 81,7% немесе 666 млрд теңге. МҚҰ-ның жиынтық міндеттемелері есептік күнге 392 млрд теңгені құрады, бұл МҚҚЖҰ-ның жиынтық міндеттемелерінің 48%-ын құрайды, осы орайда крдеиттік серіктестіктер мен ломбардтардың жиынтық міндеттемелері сәйкесінше 338 млрд теңгені және 86 млрд теңгені құрады.

01.04.2021ж. жағдай бойынша микроқаржылық ұйымның жиынтық меншікті капиталы 484 млрд теңгені құрады және негізінен жарғылық капиталдан және үлестірілмеген пайдадан қалыптасты. 01.01.2021ж. жағдаймен салыстырғанда МҚҚЖҰ капиталы 5%-ға немесе 22 млрд теңгеге ұлғайды (6.3-сурет).


МҚҚЖҰ жиынтық меншікті капиталындағы ең көп үлеске кредиттік серіктестіктердің 204 млрд теңге немесе 38% сомасындағы жиынтық меншікті капиталы алады. МҚҰ және ломбардтардың жиынтық меншікті капиталы сәйкесінше 42% және 20%-ды құрайды.

⁸ Алдын ала мәліметтерге сәйкес

6.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні



6.3-сурет. МҚҚЖҰ меншік капиталының серпіні




5.2. МҚҚЖҰ қарыздар портфелі


2021 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша МҚҚЖҰ жиынтық несие портфелі 1 104 млрд теңгені құрап, ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда 73 млрд теңгеге немесе 7,1%-ға артты, бұл сектордың барлық сегменттерінде жеке тұлғаларға берілген қарыздардың өсуімен байланысты. (6.4-сурет).

МҚҚЖҰ-ның негізгі клиенттік базасы несие көлемі 755 млрд теңгені немесе МҚҚЖҰ-ның қарыз портфелінің 68,4%-ын (брутто) құрайтын жеке тұлғалар (оның ішінде ДК) болып табылады. Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі – 349 млрд теңге немесе 31,6% (6.5-сурет.).

6.4-сурет. МҚЖАҰ несие портфелінің сапасы



6.5-сурет Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер



Сектордың кредиттерінің сапасы қанағаттанарлық деп бағаланады. 01.04.2021ж. жағдай бойынша тиісінше 9,0% және 3,3% құраған жиынтық портфельден мерзімі өткен және жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің азаюы байқалады.

6.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылдың бірінші тоқсанында МҚҚЖҰ-ға қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 21 шектеу ықпал ету шарасы қолданылды және әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 12 қаулы шығарылды.


МҚҚЖҰ-ға қатысты ықпал ету шараларын қолдануға әкелетін негізгі бұзушылықтар - дұрыс емес есеп беру, пруденциялық нормативтерді бұзу, жалған және жосықсыз жарнамаларды тарату және басқалар болып табылады.

7. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


7.1. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін талдау

2021 жылғы сәуірде Агенттіктің тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріндегі қызметі негізінен қарыз алушылардың, оның ішінде Бағдарлама шеңберінде борыш жүктемесін азайту үшін жәрдем көрсету және шаралар қабылдау туралы өтініштерін қараумен байланысты болды.

7.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны



7.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы



2021 жылғы сәуірде Агенттік қаржы ұйымдарының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ коллекторлық агенттіктердің қызметіне байланысты жеке және заңды тұлғалардың 1 479 өтінішін қарады, бұл өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 21,8%-ға (немесе 412 өтінішке) кем.

Өтініштердің ең көп үлесі банк секторына тиесілі (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар), ол өтініштердің жалпы санының 72,5%-ын құрайды (7.2-сурет). Қаржы нарығының секторлары бойынша үлес мынадай түрде бөлінген: микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша – 12%, сақтандыру нарығының субъектілері бойынша – 2,5%, коллекторлық агенттіктер бойынша – 4%, сонымен қатар өзге де ұйымдар бойынша қаралған өтініштердің жалпы санының 9%-ы.

Есептік кезеңде өтініштердің өзекті мәселелері мыналар болды:

1) банк секторында:

- қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру (оның ішінде бағдарлама шарттары бойынша) және берешекті кешіру;
- сақтандыру шарттарын жасауға мәжбүрлеу;
- банк секторы бойынша нормативтік құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру;
- банктік қарыз шартының талаптарын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру.

2) сақтандыру секторында:

- сақтандыру төлемін жүзеге асырмау;

3) микроқаржы секторында:

- микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру;
- микроқаржы ұйымының қызметіне тексеру жүргізу туралы;
- микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

4) коллекторлық агенттіктердің қызметі бойынша:

- коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің заңсыздығы.

7.2. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

Екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және коллекторлық агенттіктердің іс-әрекеттерінде 2021 жылғы сәуірде анықталған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары бойынша Агенттік жалпы сомасы 2 752,8 мың теңгеге 6 ұсынымдық қадағалап ден қою шараларын, 8 жазбаша ұйғарым мен 8 әкімшілік жаза қолданды, оның ішінде:

1) екінші деңгейдегі банктер - 477,5 мың теңге сомаға 6 ұсынымдық қадағалап ден қою шаралары, 1 әкімшілік жаза;

2) микроқаржылық қызметін жүзеге асыратын ұйымдардан – 1 458,5 мың теңгеге 6 жазбаша ұйғарым мен 5 әкімшілік жаза;

3) коллекторлық агенттіктер - жалпы сомасы 816,8 мың теңгеге 2 жазбаша нұсқама, 2 әкімшілік жаза.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының негізгі бұзушылықтары:

- қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігін сақтамау, кепілге салынған мүлікке саудасаттық жүргізу туралы кепіл берушіні хабардар ету мерзімін сақтамау, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін қатарынан күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын есепке жазу және талап ету, берешек сотқа дейін өндіріп алу мен реттеу кезеңінде сыйақы төлеу және тұрақсыздық айыбын есепке жазу талабы, коллекторлық агенттікте ақша төлемі және (немесе) аударымы жөніндегі нұсқауды орындау мерзімін;

- «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жосықсыз іс-әрекеттерді қоспағанда, коллекторлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын бұзу, кредиттік бюроға мәліметтер бермеу, Агенттікке дұрыс емес ақпарат беру, борышкерді банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлейтін жосықсыз іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

- қарыз алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға ауысуы, микрокредит беру туралы шарттың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін талап етілмеген заттардың сақталу мерзімін сақтамау, кредиттік бюроға ақпарат ұсынбау және дұрыс емес мәліметтер ұсыну, микрокредит беру туралы шарттарда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін дұрыс көрсетпеу және оның шекті мөлшерінен асып кету.

7.3. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды 18 Банк және 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады.

2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде ипотекалық қарыздар алған қарыз алушылардың жалғыз тұрғын үйін сақтауға бағытталған бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.05.2021ж. 184,2 млрд теңге сомаға қайта қаржыландыруға 29 116 өтінімді мақұлдады, 171,86 млрд теңге сомаға 28 136 қарыз қайта қаржыландырылды, оның ішінде 2020 жылдан бастап 13,6 млрд теңге сомаға 1 486 қарыз қайта қаржыландырылды.

Бағдарламаның екінші бөлігі шеңберінде банктер 2020 жылғы желтоқсанда 01.01.2016ж. дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды айырбастауды аяқтады.

Бағдарламаның бірінші және екінші бөліктерін іске асыру кезеңінде банктер 222,6 млрд теңге сомаға 27 202 валюталық ипотекалық қарызды айырбастауды жүргізді.

Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде банктер ХӨОТ санаты бойынша қарыздары Бағдарлама шеңберінде бұрын қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыз алушыларға қарыз алушының берешегін азайту және өтеудің жеңілдікті кестелерін белгілеу түріндегі қосымша көмек көрсету, сондай-ақ банк балансындағы жалғыз тұрғын үйді қарыз алушының меншігіне қайтару бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыс 2021 жылғы 1 шілдеде аяқталады.